

# «ПЕДАГОГИКАНЫ ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІ»



# Кіріспе



Курс болашақ маман иелерінің кәсіби-педагогикалық мәдениетінің негізін қалыптастыру, қазіргі педагогиканы оқытудың әдістемелері мен ерекшеліктерімен таныстырылып, оларды педагогика пәнінің оқытушы ретінде қалыптастыруға тікелей ықпал ету, олардың кәсіби міндеттерді шешуге байланысты шығармашылық дайындығын қалыптастыруға ықпал етеді . Педагогика ғылым және өнер. Педагогика жас ерекшелігіне байланысты бөлінеді: Мектепке дейінгі, мектеп, жоғары мектеп. Сонымен қатар арнайы педагогика және психология мамандығына арналған педагогика, колледж студенттеріне арналған педагогика.

## 2 дәріс Педагогиканы оқыту әдістемесінің пәні мен міндеттері

«Педагогиканы оқу әдістемесі» оқу пәнінің мақсаты мен міндеттері.

- Педагогиканы колледждерде оқытудың әдіснамалық және жалпы теориялық мәселелерімен студенттерді қаруландыру;
- Орта оқу орындарында педагогикалық пәндерді оқытуды ұйымдастыру және басқару үшін қажетті тәжірибелі біліктер мен дағдыларды қалыптастыру;
- Пәнді оқуды аяқтағаннан кейін студенттің:
- Педагогика принциптерін құру оқу пәні ретінде және педагогикалық пәндердің маңызын игруді ұйымдастырудың тәсілдері ретінде елестете білуі;
- Педагогиканы оқу пәні ретінде құрудың және қазіргі оқыту технологияларының ғылыми негіздерін білуі;
- Педагогиканы оқытудың тәжірибесінде теориялық білімдерді жүзеге асыра білуі біліктілігі болуы керек.
- Курс мұның алдында оқытылған мамандыққа кіріспе, педагогиканың жалпы негіздері, дидактика, тәрбие теориясы, педагогика тарихы курстарымен мазмұндық және амалдық байланыста болады.

# Оқу пәнімен байланысы

- Әдістеме ғылым және оқу пәні ретінде оқытылатын пәнмен және дидактикамен тығыз байланысты.
- Болашақ мұғалімдерді, педагогтарды өзінің мамандығы бойынша кәсіптік даярлау мақсат болатын. Психологиялық-педагогикалық пәндердің циклы қысқартылған көлемде және оларды терең игеруге мән берілмей оқытылды. Педагогиканың және білім берудің тарихынан ұзақ уақыт бойынша кәсіби даярлықтың негізі болашақ мұғалімдер, педагогтарды өз мамандықтарының пәні бойынша білімдерме қаруландыру деп есептеліп келгені белгілі.
- «Педагогиканы оқытудың әдістемесі» әлі тұтас жүйе ретінде берілмей отыр, себебі әдістеме жүйесін қалыптастырудың барысы педагогиканы оқыту пәні ретінде қалыптасуымен бірге жүреді. Педагогика бойынша оқу кітаптары мен оқу құралдарының көптігі педагогиканың өзінің оқу пәні ретінде педагогика ғылымы ауқымындағы білімдердің және педагогиканы оқу пәні ретіндегі қатынасын қарастырудың бастапқы сатысындағы дәлелі болып отыр.

## 3 дәріс Педагогика курсының құрылымы мен мазмұны

- 1 бөлім. Педагогиканың жалпы мәселелері.
- II бөлім. Тәрбие теориясы
- III бөлім. Оқыту теориясы

- 1. Педагогика – адам туралы ғылымдар жүйесінде
- 2. Педагогиканың әдіснамалық негіздері
- 3. Педагогика ғылымының аксеологиялық негіздері
- 4. Педагогикадағы мақсатты анықтау
- 5. Оқушы тұлғасы – тәрбиенің объектісі мен субъектісі
- 6. Дамудың жас және жеке ерекшеліктер
- 7. Қазақстан Республикасындағы білім беру жүйесі

## II бөлім. Тәрбие теориясы

- 1. Педагогикалық процесс жүйесіндегі тәрбие
- 2. Тәрбие заңдылықтары мен принциптері
- 3. Тәрбие процесінде тұлғаны қалыптастыру
- 4. Қазіргі педагогикадағы тәрбие әдістері, құралдары және формалары
- 5. Дүниеге көзқарас – қалыптасушы тұлғаның негізі
- 6. Ұжым-тәрбие құралы

# III бөлім. Оқыту теориясы

- 1. Дидактика-оқыту теориясы
- 2. Оқыту процесі – тұтас жүйе
- 3. Оқыту заңдары, заңдылықтары және принциптер
- 4. Қазіргі кездегі оқыту құралдары мен әдістері
- 5. Қазіргі кезде оқытуды ұйымдастыру формалары
- 6. Оқыту процесінің сапасын педагогикалық бақылау
- 7. Оқушылардың оқуын мотивациялау
- 8. Оқытудың педагогикалық технологиялары



## 4 дәріс. Педагогика пәнін оқытудың ерекшеліктері

Педагогика пәнін оқытуда ең алдымен қандай мамандыққа оқытылып жатқандығы есепке алынуы тиіс. Екіншіден, неғұрлым жаңа дерек көзін, әдебиетерді қолдану. Үшіншіден, алдын ала тақырыптарға байланысты әдістемелер мен технологияларды таңдау. Сонымен қатар, алдын ала болжам жасай отырып практикалық байланыс жасау.

# 5 дәріс. Педагогиканы оқытудағы әдістер

## Кейс әдісі

«Кейс-стади» (ағыл. Case-study – «уақиға, жағдаят» және «зерттеу») ұғымы *«нақтылы жағдаятты талдау әдісі»* деп атауға болады. Ол оқытукезінде де, нақтылы практикалық істерді талдауда да, зерттеу ісін жүргізуде де қолданылады. Кейс – әдісі білім алушылардың оқуға қызығушылықтарын арттырады және тұлғаның келешек маман ретінде қалыптасуына ықпал етеді. Бұл әдіс оқушы тарапынан нақтылы мәселені шешуге қажетті шығармашылық қабілетін дамытуды қажет етеді және оның ой-өрісінің бейнелі көрінісі болып табады. Оқытушы да сол әдіске байланысты өзінің өмірдегі жағдаяттарды талдау мен бағалауға байланысты қабілетін де көрсетеді және жетілдіреді. Яғни екі тараптан да ойлау мен шығармашылық қабілеттері еркін ашылады.

# Жобалау әдісі

- Америка философы-прагматик, психолог және педагог Джон Дьюи (1859 - 1952) «жобалау әдісінің» негізін қалаушы. Бірақ, ол өзінің еңбектерінде «жоба» сөзін қолданбаған. Ол өз тұжырымдарын мектептің өмірмен жеке тәжірибесімен байланысты талдап, нәтижесін берген, ал бұл жобалу әдісінің негізі.

# Педагогикалық жобалаудың түрлері мен кезеңдері

- Педагогикалық жобалау дегеніміз, оқытушылар мен оқушылардың атқаратын іс-әрекетінің негізгі құрамын алдын ала құрастыру. Педагогикалық жобалау, педагогтың басқа да негізгі қызметінің бірі. Педагогикалық жобалау барысында студенттермен қарым-қатынастың мазмұны, әдістері және құралдары қарастырылады.
- Педагогикалық жобалау болашақ іс-әрекетті және оның нәтижелерін болжаудан тұрады.

# Педагогикалық жобалаудың негізгі ұстанымдары:

- адамға бағытталуы (негізгі роль адам);
- өзін-өзі дамыту принципі;
- дидактикалық шығармашылық;
- технологиялық шығармашылық;
- ұйымдастыру шеберлігі.

# Мәселелік оқыту

- Мәселелік оқыту бағытталады:
- ғылыми-зерттеу жобаларын жүзеге асыруға;
- Алынған білімдеріне талдау жасай отырып, инженерлік немесе кәсіби жобаларды жүзеге асыру ;
- Сабақта дәстүрлі «мәселелік оқыту әдістерін» қолдану.

# Негізгі баспалдақтары

- 1. Мәселені қою
- 2. Болжам жасау
- 3. Қажетті қосымша ақпаратты таңдай білу
- 4. Ақпаратты негіздеу
- 5. Сұрақтар құрастыру
- 6. Сұрақтарды зерттеу және шешімін табу
- 7. Ортақ шешімге келу
- 8. Безендіру және ұсыну

## 6 дәріс Педагогиканы оқытудағы технологиялар

- **Педагогикалық технология** (тәрбие жұмысында) балалармен тәрбие жұмысын ұйымдастыруда жоспарланған міндет үшін педагогтың анық іс-әрекетінің бірегей жүйесі.
- Кей кезде педагогикалық технология ғылыми зерттеу жүйесінің әсері негізсіз педагогикалық техникаға жақындайды.
- Педагогикалық техника бұл педагогтың өзін-өзі ұстауы, ішкі эмоционалдық жағдайын, сыртқы өзін-өзі ұстауымен оқушыларға әсер етуі.
- Педагогтың психотехникалық қабілетіне сөйлеу техникасы мен мәдениеті, әңгімелесуі, мимикасы және пантомимикасы психоденциалық реттеу жатады. Оқытушының жеке басы туралы педагогикалық жұмысындағы өзінің стилі, өзін-өзі ұстауы, іскерлігі туралы айтуға болады.



# оқытудың педагогикалық технологиясына шолу

- Көп уақыт бойы «технология» термині педагогика түсінігінен алыс болды, ол технокротикалық түсінікке жатты. Оның дәлме-дәл мағынасы педагогиканың міндеттеріне, яғни бейнелеу, түсіндіру, хабарлау, педагогикалық процестерді құруға қарсы келмейді.
- Педагогикалық әдебиете қандай да болмасын педагогикалық технологияны баяндайтын көптеген терминдер кездеседі: оқыту технологиясы, дәстүрлі технология, білім беру технологиясы, программалық оқыту технологиясы, авторлық технология, проблемалық оқыту технологиясы т.б.
- Бүгінгі кезде көптеген педагогтар «педагогикалық технология», «оқыту технологиясы» түсініктер арасындағы айырмашылықтарды бөлмеді.
- «Педагогикалық технология» термині оқытуға байланыста ғана қолданылды, ол технологияның өзі техникалық құралдар арқылы оқытумен түсіндірілді. Бүгін педагогикалық технологияны педагогикалық мәселені шешуге байланысты педагогтың іс-әрекет жүйесі ретінде түсінеді.
- **Андреев В.И** педагогикалық технологияны- жобаланған және оқыту мен тәрбиелеудің педагогикалық заңдылықтарын, мақсаттарды, принциптерді, мазмұнды, форманы, әдістер мен тәсілдерді практикада қолданып, оның жоғарғы деңгейдегі нәтижесін қамтамасыз ететін жүйе ретінде түсіндірді.

# Ғалымдар көзқарастары

- **педагогикалық технология** - бұл ғылыми жобалау және педагогикалық іс-әрекетінің жетістігін қамтамасыз етудің көрінісі. Сонымен қатар **«педагогикалық технология»** ұғымы оқыту мен тәрбиелеу сферасындағы жұмыстың тәсілдерін білдіреді. Сондықтан «педагогикалық технология» ұғымы «оқыту технологиясы» мен «тәрбиелеу технологиясына» қарағанда кең ауқымды.
- Педагогикалық технологияның жан-жақтылығына қарамастан оның пайда болуының екі жолы бар:
- Бір жағдайда технология теориядан (**В.П. Беспалько, В.В. Давыдов, В.К. Дьяченко, Л.В. Занков, Н.В. Кузмина** т.б.) бір жағдайларда практикадан пайда болған (**Е.Н. Ильин, С.И. Лысенкова, В.Ф. Шаталов** т.б.).

Педагогикалық технологияның өзіндік белгілерін В.П. Беспалько бөліп көрсетеді:

- Анық жүйеленген педагогиканың, дидактикалық оқытудың, тәрбиелеудің мақсатын өңдеу;
- Меңгеруге байланысты информацияны құрылымдау, ретке келтіру, толықтыру;
- Оқыту мен бақылауда дидактикалық, техникалық, компьютерлік әдістерді комплексті қолдану;
- Оқыту мен тәрбиелеудің диагностикалық функцияларын мүмкіндігінше күштендіру;
- Оқытудың жоғарғы деңгейдегі сапасын қамтамасыз ету.

# Технологиялардың қолданысы

- Педагогикалық технологияның жан-жақтылығына қарай қазіргі дидактикада оны анализдеудің ортақ жоспары қалыптасты. Әр технологияда автор мыналарды көруге тиіс:
- Оның қолданылу деңгейі;
- Философиялық негізін;
- Білімді меңгерудің жетекші концепциясы;
- Білім мазмұнының ерекше көрінісі;
- Оқытуды ұйымдастыру формалары;
- Оқытудың артықшылық әдісі;
- Оқытылатынның категориясы.

Кейбір оқыту технологиясына тоқталайық:

- Оқытудың дәстүрлі технологиясы
- Оқытудың дамушы технологиясы
- Ақыл-ой әрекетін қалыптастырудың кезеңдік технологиясы
- Ұжымдық әрекеттестік технологиясы
- Толық меңгеру технолгиясы
- Әр түрлі деңгейдегі оқу технологиясы
- Бейімдеп оқыту технологиясы
- Программалық оқыту технологиясы
- Проблемалық оқыту технологиясы
- Модулдік оқыту технологиясы
- Жобалық оқыту технологиясы
- Кепілденген оқыту техникасы
- Қашықтықтан оқыту технологиясы
- Авторлық оқыту технологиясы

7 дәріс Колледждерде, жоғары оқу орындарында педагогиканы оқытудың ерекшеліктері.

8 дәріс Колледждерде, жоғары оқу орындарында педагогиканы оқытудың формалары мен әдістері

- Колледж мектеп пен жоғары мектеп арасындағы ұйым. Онда негізінен оқушылар білім алады. Бітірушілер бастауыш сыныпқа сабақ береді. Сондықтанда оларға бастауыш мектеп педагогикасы оқытылады. Яғни бастауыш сыныптың жас ерекшеліктеріне сай оқыту әдістері мен құралдары таңдалынып алынады. Яғни оқытушы бастауыш сыныптың ерекшеліктерін білуі тиіс.

- Жоғары оқу орындарында білім берудің ұйымдастыру дәстүрлі және инновациялық түрлері бар. Дәстүрлі әдіске: дәріс, семинар, практикалық сабақтарды жатқызуға болады. Негізгі ұйымдастыру түрі теориялық білім негізін қалайтын – дәріс.
- Дәріс – Ежелгі Гректерде пайда болып, орта ғасырларда Ежелгі Римде одан әрі дами бастады, алғашқыда латын тілдерінде жүргізілді. Пән мұғалімі кітаптар оқыды, мәтінге өз тарапынан көзқарас білдірді. Ортағасырлық университеттерде таңертең қарапайым түрде дәрістер оқылды, ал кешке – қысқаша түрде қайталанып отырды. Дәрістен шыққаннан кейін студенттер бірлесе отырып дәрістің мазмұнын еске түсіріп талдаулар жасады.
- Дәріс (латын тілінен «lectio» - оқу ) жоғары оқу орындарында дәстүрлі және басқаратын оқытудың түрін білдіреді.
- Дәріс – монолог ретінде жүзеге асатын жауапты публикалық қойылым болып табылады. Дәріс беруші аудитория (студенттер) алдында түзетусіз «таза» сөйлеуі қажет.

- Жоғары мектепте оқыту: ауызша, жазбаша оқыту, иллюстрация, демонстрация, практикалық оқыту әдістері болып жіктеледі.
- Ауызша оқыту әдісі – әңгіме, түсіндіру, пікірсайыс, дәріс оқу т.б. Бұлар оқытушы іс-әрекетінің негізгісі, ал шешендік шеберлікке ие болған оқытушы шектеулі уақытта көптеген керекті мағұлматтарды шебер жеткізуге мүмкіндік береді.
- Жазбаша оқыту әдістеріне жоғары мектепте электронды әдіспен оқытуды жатқызуға болады және ол студенттің өздік әрекетімен сипатталады.
- Иллюстрация әдісі: кесте, схема, суреттер, тақтамен жұмыс т.б.
- Демонстрация әдісіне: видео жазылым, фильмдер, модельдеу т.б. жатқызсақ, практикалық оқыту әдісіне: жаттығулар, лабораториялық жұмыстар, шеберханада жұмыс, т.б. жатады.
- Дәріс жоғары мектепте оқытудың ұйымдастырудың негізгі түрі және ол белгілі бір ғылыми білімнің тәртібі бойынша жүргізіледі. Студенттердің ғылымилыққа, күрделілікке, туындаған сұрақтардың жауабын шешуге, олардың танымдық іс-әрекетін және шығармашылық ойлау қабілетін ашады.
- Қорыта айтқанда оқытудың дәстүрлі әдістері мен түрлері көбінесе оқытушы белсенділігі негізінде жүзеге асады.

## □ Дәріске қойылатын талаптар:

- 1. Құрылымдық негізін құру (жоспар) және сұрақтарды қисынды етіп қойып, оған нақты жауап беру.
- 2. Теориялық өзекті мәселелерді анықтап алу.
- 3. Теориялық білімді өмірмен байланыстыру.
- 4. Нақты дәлелдер мен дәйектерді жеткілікті мөлшерде қолдану.
- 5. Логикалық фактілерді келтіре отырып студенттердің қызығушылығын арттыру, өздік жұмыстарға бағыт беру.
- 6. Қазіргі кездегі ғылым мен техниканың даму сатыларын және солардың жақын уақытта даму барысын болжай білу.
- 7. Материалға арнап әдісті өңдеу.
- 8. Жан-жақты демонстрациялық оқытуды пайдалану.
- 9. Қарапайым да, түсінікті тілмен жеткізу, кездескен жаңа терминдердің мағынасын ашып беру.



## □ *Білім берудегі дәстүрлі оқытудың тағы бір түрі: семинар*

- Семинар – латын тілінен енген (seminarium)- білім қалыптастырушы, ойды негіздеуші. Студенттердің таным процесінде қызығушылығы артады. Ежелгі Грецияда алғаш студенттердің арасында пікірсайыс, оқытушы мәліметімен, қорытындысы түрінде пайда болды, Орта ғасырларда университеттерде апта сайын педагог пен магистрлік дәрежеге ие болғандар диспут түрінде сабақ өтетін. Ол XVII ғасырларда алдымен Батыс Европада қолданыла бастады.
- Семинарды өткізудің мақсаты – алынған теориялық білімі бойынша білімін тереңдету. Білім алушыларға өзіндік ізденіс дағдысын, ақпаратқа анализ жасауға және де ғылыми ойлаудың дамуын қалыптастыру. Семинар – шығармашылық пікір сайыстарға қатысуға, дұрыс шешімдер қабылдай білуге, өзіндік көзқарас танытуға мүмкіндік береді.
- Семинарды өткізудің негізгі міндеті: дәрісте алған білімді бекіту, өзіндік жұмыстардың тиімділігі мен нәтиже беруін тексеру, алдағы мәселені шешуде өзіндік мүмкіндіктерді көрсете білуге машықтандыру.



## 9 дәріс Педагогика мамандығына кіріспе

- Педагогтың қызметі. (латын сөзінен аударғанда міндетілік және белгілеу) әртүрлі, бірде олардың ішінен 3 негізгісін бөлуге болады: үйрететін, тәрбиелейтін, қоғамдық-педагогтық. Бәрінен бұрын мұғалім, оқытқаннан бұрын балаларға ортақ адамгершілік тәсілдерді, білімберді сонымен қатар, оларды қолдану жағдайлары, оқу жұмысындағы әдістері мен тәсілдері арқылы көмектеседі.
- Оқыту кезінде баланың жеке тұлғасы, қалыптасады. Оқу процесін ұйымдастыру, мұғалім мен баланың қарым-қатынасы, тәрбие жұмыстары –осының бәрі оқушы тұлғасының нақты қалыптасуына мүмкіндік туғызады, оның өзіндік қасиетінің дамуы, яғни тәрбиелік функция жүзеге асады. Орыс зиялыларының дәстүрінде мұғалім, әсіресе үлкен мұғалімдер тек қызметкөрсету аясында ешқашанда өз қызметтерін шектелмеген.

## Педагогтың жұмысында келесі өзара байланысты қызмет түрлері

- **диагностдық;**
- **бейімділік-болжаушылық;**
- **конструктивті жобалау;**
- **ұйымдастырушылық;**
- **ақпаратты-түсініктемесін;**
- **коммуникативті-ынталандыру;**
- **талдағыш- бағалаушы;**
- **зерттеушілік-шығармашылық (И.Ф. Харламов)**

# Педагогикалық қызметтің ерекшеліктері

- Педагогтық қызметтің ерекшелігі – оқушы мен мұғалім арасындағы өзара қатынас барысында іске асырылады. Бұл өзара қатынастың сипатын мұғалім ажыратады. Мұндай ара қатынастың қолайлы типі бірлестіктің болуында.
- Педагогикалық еңбектің тағы да – бір ерекшелігі мұғалім бұл жастық шақтың мәңгі мамандығы, жасына қарамай-ақ, ол өсіп келе жатқан ұрпақта қызығушылықпен өседі, қарым-қатынас жасау оған өмір бойы рухани жас болып қалуына – мүмкіндік береді. Осы бөлімді қорытындылай келсек, педагогикалық еңбектің ерекшеліктеріне жататындар: үлкен әлеуметтік маңыздылық, перспективті бағыт, жоғары қоғамдық жауапкершілік, шығармашылық мінез, бос болмауы, әр уақытта өзіне керектісімен айналысуымен байланысты.
- Педагогикалық еңбектің нәтижесін жастармен әр кезде тілтабысып, қарым-қатынас жасау мұғалім тұлғасының рөлін анықтайды.

# 10- дәріс Педагогикалық мамандықтарға арналған «Педагогика» курсы

- Қазіргі мамандарға қойылатын жоғары кәсіби талаптар ЖОО оқытуды түпкілікті тактикалық, стратегиялық тұрғыдан өзгертуді талап етуде. Бүгінгі таңда жоғары білім, тек жаңа білімді игеру процесі ретінде ғана емес, адамның қабілетін, жаңа идеяларды туындату, кәсіби және әлеуметтік рөлдерді белсенді орындауды ашып көрсетеді.
- Жоғары кәсіби білім беруді реформалаудың негізгі бағыттарының бірі де студенттердің гуманитарлық мәдениетін қалыптастыру мен дамытуға бағытталған курстар болып табылады.

□ Болашақ мамандардың гуманитарлық мәдениетін қалыптастыру, біріншіден, мәдениеттің негізін құрайтын, адамгершілік және өз-ара түсіністік мәдениетті қалыптастырудан бастау алады. Сондықтан да оқу құралы болашақ мамандарды даярлауға шығармашылық тұрғыдан қарап, ізденісті күшейту мен білім берудің жаңа технологияларын қолдануға бағытталады. Оқу құралында педагогиканың негізгі ұғымдары ашылған. Жеке тұлғаның қалыптасуы, тәрбиесі, дамуы қарастырылады. Қазіргі кездегі тәрбие түрлері баяндалады. Сондай-ақ білім беру технологияларының инновациялық және дәстүрлі сипаттамалары беріледі.

- Педагогикалық мамандықтар баланы оқыту және тәрбиелеумен тікелей айналысады. Сондықтан да педагогикалық мамандықтарға арналған Педагогика негізінен мектеп педагогикасы. Бұл баланың жас ерекшелігіне сай оқыту және тәрбиелеу. Мұнда педагог ретінде маман мектептің құжаттарын оны басқаруды, бала тәрбиесіндегі маңызды білулері шарт.

# 11 дәріс. «Педагогиканың жалпы негіздері» бөлімінің әдістемелік ерекшеліктері.

- Педагогика ғылымы адамзат қоғамының барлық салаларында қызмет көрсетеді. Соған байланысты олар да мынадай салаларға бөлінеді:
- Мектеп жасына дейінгі балалар педагогикасы;
- Мектеп педагогикасы;
- Жоғары мектеп педагогикасы;
- Әскери педагогика;
- Кәсіби педагогика;
- Дефектология;
- Педагогика тарихы;
- Этнопедагогика;
- Әлеуметтік педагогика;
- Салыстырмалы педагогика.
- Дефектологияның өзі төрт салаға бөлінеді.
- -сурдопедагогика (саңырау, мылқау, керең балалар тәрбиесін қарастырады)
- - тифлопедагогика (соқыр балалар тәрбиесін қарастырады)
- -олигофренопедагогика (ақыл-ойы кеміс балалар)
- -логопедия (тілінің кемістігі бар балалар тәрбиесімен айналысады).

- Қарастырылатын негізгі тақырыптар :
- 1. Педагогика – адам туралы ғылымдар жүйесінде
- 2. Педагогиканың әдіснамалық негіздері
- 3. Педагогика ғылымының аксеологиялық негіздері
- 4. Педагогикадағы мақсатты анықтау
- 5. Оқушы тұлғасы – тәрбиенің объектісі мен субъектісі
- 6. Дамудың жас және жеке ерекшеліктері
- 7. Қазақстан Республикасындағы білім беру жүйесі



# 12 дәріс Педагогикалық емес мамандықтарға оқытылатын «Педагогика» курсының мазмұны

Педагогикалық емес мамандықтарға Педагогика курсы мамандықтарына сай кәсіби педагогика ретінде оқытылады. Заңгер педагогикасы, медициналық педагогика, инженерлік педагогика, мұражай педагогикасы, нарықтық педагогика және т.б. Сонымен қатар Педагогика деп оқытылатын курстар да кездеседі. Онда негізінен педагогиканың негізгі мәселелері жалпылама оқытылады.

- Бір ескеретін нәрсе педагогикалық емес мамандықтарға әсіресе тәрбие теориясына басымшылдық берген дұрыс. Педагогиканы оқытуда:
- Біріншіден қазіргі қоғамда нағыз кәсіби маман деп өмір бойы өзіндік білім алуға қабілетті, яғни өзін-өзі оқыта алатын, өзін-өзі білімдендіре алатын адамды айтамыз.
- Екіншіден оқу барысында болашақ колледж оқытушылары даярланады, сондықтанда олардың жоғары кәсіби-педагогикалық мәдениеті қалыптастырылуы тиіс.
- Үшіншіден, «адам-адам» жүйесінде қызмет ететін адамдардың барлығы педагогикалық, тіпті ағартушылық функцияны атқарады. (Отбасынан бастап, барлық қызметте: заңгер, экономист, техник, медицина қызметкерлері, журналист, саясаттанушы, психолог т.б.)
-

- Төртіншіден, әлеуметтік-экономикалық қоғам дамуының қозғаушы күшінің бірі де білім болып отыр, тіпті қарапайым тұрғыдан қоғамның дамуын қадағалау үшін еліміздің, шетелдің білім беру жүйесі туралы мәліметтеріміз болуы тиіс.
- Бесіншіден, «педагогика» ғылымы ауқымды, өзіндік бай тәжірибе жинақтаған, ол қазіргі ғылыми білім мен адам мәдениетінің бір бөлігі болып табылады, оны білу үшін алғашқы педагогикалық білімді игеру керек.
- Алтыншыдан, сапалы білім алу барысында қоятын талаптарды білу үшін, әркім білім беру жүйесін толық түсінуі тиіс.

# 13 дәріс «Дидактика» бөліміне әдістемелік сипаттама

- Әрбір құралдың құндылығы, оның кімнің қолында екенімен анықталады.
- Оқытудың әдістері, құралдары, мен тәсілдернің анықталады.
- Оқыту әдістерінің эволюциясы .
- Оқыту әдістерінің класификациясы.
- Оқыту құралдары.
- Оқыту әдістері мен құралдарын таңдау.
- Оқытудың ережелері, әдістері мен тәсілдерінің анықтамайды оқыту процесінің табыстары көбіне қолданылатын әдістерге байланысты.
- **Оқыту әдістері** - бұл педогог пен оқушылардың біріккен қызметінде білімалуға бағытталған мақсаттарға жету барысында қолданылатын тәсілдер.
- **Оқыту әдістері** - мұғалім мен оқушылардың жұмыс істеу тәсілдері. Оқыту әдістері оқушыларға білім алуға, дағды мен көзқарастары мен танымдық қажеттерді қалыптастыруға көмектеседі ( М.А.Дашелов, Б.П. Есипов).
- **Оқыту әдістері** - педагог пен оқушының өзара байланысты қызметінде білім, тәрбие және даму мәселелерін қарастыратын тәсілдер (Ю.К.Бабанский).
- **Оқыту әдістері** - мұғалім мен оқушылардың оқу танымдық қызметінде оқытып жатқан материалды игеруге бағытталған әр түрлі дидактикалық мәселелерді шешетін оқыту процесінің тәсілдері. (И.Ф.Харламов).
- Оқыту әдістері - оқушылардың санасы мен мүмкіндіктерінің дамуын, өзінді оқыту мен өзін-өзіне білім беру құралдарын игеруін, білім жүйесін қабылдауын қамтамасыз ететін мұғалім мен оқушының танымдық. өзара байланысты іс-әрекеттердің жүйесі. (Г.М.Коджаспирова)

# оқыту әдістері

## Білім көзіне байланысты

сөздік

Көрнекі

практикалық

---

**Танымдық  
әрекет типіне  
байланысты**

Продуктивті

репродуктивті

Проблемалық  
баяндау

зерттеушілік

Түсіндірмелі-  
иллюстративті

Репродуктивті



# педагогиканың құрылымы:

1. Жалпы негіздері;
2. Тәрбие теориясы; Мұғалім іс-әрекетінің мәні;
3. Дидактика: оқыту технологиялары, әдістері мен формалары;
4. Мектепті басқару жүйесі.

## «Тәрбие теориясы» бөліміне әдістемелік сипаттама

- Тәрбие теориясы – бұл тәрбие процесін педагогикалық процесс ретінде зерттейтін педагогиканың ғылыми дисциплиналарының бірі. Тәрбиенің маңызы педагогикалық процесс ретінде, оның заңдылықтары мен принциптері, әдістері мен формалары, оның ұйымдастырылуы мен әр түрлі әлеуметтік институттарда іске асуы – осының бәрін тәрбие теориясы зерттейді.
- ХХ ғасырдың 90-жылдарының екінші жартысынан бастап Ресейдің көптеген педагог мамандары педагогиканың пәні ретінде бұрынғыдай тәрбие емес, білім беру деп санауда. «Білім беру» теміне «тәрбие» терминінің мағынасы берілген деп айтуға болады. Өйткені бүкіл әлемде тәрбие процесі мен оқытуды білдіру үшін «білім беру» сөзі қолданылады. Және ол да «тәрбие» сөзі сияқты екі мағынаны білдіреді. Біріншіден, білім беру – бұл нәтижесінде жас ұрпақты өмірге дайындау, білім, тәжірибе және құндылықтарды ұрпақтан ұрпаққа беру мақсатында жүретін әлеуметтену институты, білім беру жүйесі, қоғам өмірінің шынайы сферасы. Бұл адам қоғамының пайда болуымен, сонымен бірге дамыған және көптен бері әлеуметтік институттардың ең маңыздысы болып отырған ежелгі өмір сабағы сияқты. Ең маңызды халықаралық тілдердің бірі ағылшын тілінде «education» - «білім беру» деген кең әлеуметтік мағынаны білдіреді. Ресейлік отандық дәстүрінде жоғарғы буын педагогтары бұл мағынада «тәрбие» сөзін қолданғаны туралы айта кеткен жөн.

# 14 дәріс Педагогика пәнін оқытуда қолданылатын белсенді әдістер

- Әдіс —«метод» гректің сөзбе-сөз аударғандығы «бір нәрсеге жету жолы» немесе «зерттеу» деген мағынаны білдіреді. Осы күнге дейін дидактикада шешімін таппай келе жатқан мәселелердің бірі- оқытудың әдістерін айқындау, топтау,жіктеу жүйелеу. Оқу әдістерін жүйеге түсіріп, топтап жіктеудің оқыту процесінде алатын орны ерекше. Оны жіктеудің оқытушы үшін де білімді қабылдап отырған студент үшін де, оның танымдық іс-әрекеті үшін де маңызы зор.
- Әдістемелік еңбектерде оқыту әдістерін әр түрлі топтаудың жүйесі қалыптасқан.



- Дидактика ілімінің көрнекті өкілдері И. Я. Лернер мен М. Н. Скаткин оқыту әдістерінің сипатына қарай 5 түрін ұсынады.
- түсіндірмелі-көрнекілік әдісі: білімді «даяр» күйінде алу, яғни студенттер репродуктивті ойлау деңгейінде қалады.;
- репродуктивті: үлгі, ереже негізінде оқу
- проблемалық хабарлау, оқу материалын бере отырып, проблема қою, оқу іс-әрекетінің нәтижесін дәлелдей отырып, мәселені шешу жолдарын көрсетеді. Бұл қазір кең қолданылып жүрген әдіс;
- ішін ара -іздену немесе эвристикалық әдіс. Ойлау процесі өнімділік сипат алады. Үйренуші өз бетімен жұмыс жасайды және олар үнемі бақылауда болады;
- зерттеушілік әдіс (оқушының өз бетінше шығармашылық-іздену әрекеті);

- Белгілі ғылым Ю.К.Бабанский оқыту әдістерін 3 топқа бөліп қарастырады;
- оқытуды ынталандыру және уәждеу: танымдық ойындар, оқу ой толғақтары, пікірталастар, мадақтау;
- оқу әрекеттерін ұйымдастыру және жүзеге асыру әдістері: сөйлеу, көрнекілік, практикалық индуктивті, дидуктивті, ұқсату, проблемді іздену, эвристикалық, зерттеу, репродуктивті (нұсқаулар, түсіндіру, жаттығу), кітаппен өз бетінше жұмыс

## □ **Инновациялық технологиялар - оқытудың белсенді әдістері**

- Инновациялық технологиялардың пайда болуы, мәдени байланыстың кеңеюі мен тереңдеуі, ақпараттар ағынының сапасы мен санының тұрақты түрде артуы уақытпен бірге қарқын алып отырған ақпараттар ағынына бейімделу тәсілдерін меңгеру үшін тиісті білік пен білімді қажетсінеді. Бұл үшін ақпаратты қабылдау және еске сақтау қабілетімен бірге оны шығармашылықпен өңдеу, мәселелерді көріп, оларды шеше білу керек. Сондықтан да білім берудің алдына төмендегідей міндеттер қойылады: жас ұрпақтың осы заманғы әлеуметтік мәдениеттік жағдайға әлеуметтенуі сынды күрделі мәселені шешу, оның өзіндік өзектілігі арқылы сәйкестік сипатын иеленіп, шығармашылық мүмкіндікті дамытуына жол ашатын ізгілік түсінігін қалыптастыру. «Инновация» латынның жаңа көзқарас, жаңашылдық, жаңалық ендіру деген ұғымынан туындаған. Инновацияны екі мағынада қарастыруға болады: абсолюттік және ендірудегі инновация. Абсолюттік инновация жоқ нәрсені ойлап табу, ал ендірудегі инновация бар нәрсені қажетті жүйеге мүмкіндігінше ендіру, тәжірибеде тексеру.

- Инновациялық оқытудың ерекшеліктері:
- - жетілдіруге бағытталған, дамудың оңтайлылығы;
- - болашаққа ашық есік;
- - адамның үнемі белсенділік көрсетуі, қозғалмалылығы;
- - тұлғаға және оның дамуына бағытталғандық;
- - шығармашылық элементтерінің міндеттілігі;
- - өзара байланыс: ынтымақтастық, өзара көмек, жәрдем.
- Инновациялық білім беруді ұйымдастыруда мәндік көзқараспен тығыз байланыста акмеологиялық көзқарас қарастырылады. Акмеология («акме» - грек сөзі, «шың», «төбе», «бір нәрсенің ең биік басқышы» дегенді білдіреді.) – зерттеу объектісі өмірдің әртүрлі өзін-өзі көрсету сфераларында өзін-өзі дамытушылық, өзін-өзі жетілдірушілік динамикасында қарастырылатын адам болып табылатын ғылыми пәндер кешені, ғылыми білімдердің жаңа аймағы.

# 15 дәріс Мектептану немесе мектепті басқару бөлімін оқыту ерекшеліктері

- Мектепті басқарудың мақсаты мен мазмұны, оның арнайы және жалпы қызметі, әдістері, формалары және құралдары қоғамдағы әлеуметтік заңдар мен заңдылықтардың, сондай-ақ экономикалық заңдардың тікелей ықпалымен қалыптасады. Осылайша, “мектепті басқарудың тиімділігі белгілі әлеуметтік-экономикалық мазмұнға ие категориялармен бағалануы тиіс. Бұл басқару теориясының нақты-экономикалық пәндермен белсенді өзара әрекеті арқылы ғана мүмкін», деп көрсетеді ғалым В.Г. Афанасьев.

- Мектептің қызмет етуінің негізгі мақсаты – тұлға бойында, өзіне де, қоғамға да қажетті белгілі қасиеттерді қалыптастыру, сондықтан да осы жүйені басқаруда әлеуметтік-психологиялық, педагогикалық аспектінің ерекше рөл атқаратынын естен шығармаған жөн.
- Мектепті басқару теориясының нысанасы – барлық құрамды элементтерімен алынған жүйе. Практиканың нысанасы – мектептің әртүрлі құрамдық топтарының іс-әрекеті (ұжым, пән бірлестіктері, үйірмелер, жеке субъект).

- Мектеп басшыларының басқарушылық қызметі, оқу-тәрбие жұмысы мен сапасы үшін арнайы жауапкершілік жүктеледі. Оқу-тәрбие жұмыстарымен қатар әдістемелік жұмыстар да басқару арқылы іске асырылады.
- Өткен кезеңдегі барлық алдыңғы қатарлы педагогтар (Н.А. Корф, Н.И. Пирогов, Н.Ф. Бунаков, К.Д. Ушинский және т.б.) мектеп басшысы қызметі педагогикалық сипатта болу керек деп есептеді. Бұл пікірмен қазіргі педагогтар да келіседі (М.И. Кондаков, В.П. Стрекозин, Ф.Г. Паначин және т.б.).



□ Мектепті басқару мәселесіне арналған көптеген зерттеулерде (Э.Г. Костяшкин, Ю.А. Конаржевский, В.П. Стрезикозин, П.В. Худоминский, Т.И. Шамова, Н.Д. Хмель, Н.Н. Тригубова, т.б.) басқарушылық қызметтің құрылымы мен мазмұны, мәні ашылған. Басқарушылық еңбекті ғылыми ұйымдастырудың жүйесін енгізу бойынша (И.П. Раченко, Умирбекова Ж.Б., Г.Т. Хайруллин, т.б.); мұғалімдердің шығармашылық зерттеушілік және эксперименталды қызмет-әрекетін ұйымдастыру бойынша, ғылымды практикаға енгізу бойынша (Ю.К. Бабанский, Л.И. Гусев, В.И. Журавлев, В.И. Загвязинский, Б.А. Койшибаев, В.В. Краевский, Г.Л. Лукпанов, М.Н. Скаткин, Я.С. Турбовский, т.б.); мамандықты жетілдіру бойынша (Я.С. Бенцион, Г.И. Горская, Л.С. Коробкова, Ш.Т. Таубаева, В.П. Топоровский, т.б.); мамандықты көтерудің психологиялық-педагогикалық және ақпараттық негізін құру бойынша (Г.С. Сухобская, А.С. Пискунов, т.б.); Қазақстандағы педагогикалық кадрлардың біліктілігін жетілдіру жүйесін дамыту тарихы бойынша (Б.А. Әлмұхамбетов т.б.) арнайы зерттеу жұмыстарын жүргізген. Мектептегі басқарудың жаңашылдық аспектілерін М.М. Поташкин, В. С. Лазарев, Л.И. Моисеев, И.И. Цыркун, Н.Р. Юсуфбекова және т.б. еңбектерінде талданған.



- Мектеп басшылығының қызметтері Қазақстан Республикасының Білім және Ғылым Министрлігі бекіткен арнайы ережелер жиынтығымен анықталады, бұл ережелер мектеп директорының, оқу-тәрбие жұмысының әртүрлі мәселелері бойынша орынбасарлары мен басқа да педагогикалық кадрлардың іс-әрекетін реттейді. Төменде оқу-тәрбие жұмысын ұйымдастыру бойынша мектепте қызмет атқаратын адамдардың жұмыстары келтірілген.
- Мектеп директорының басшылық қызметі, оқу-тәрбие жұмысы мен сапасы үшін арнайы жауапкершілігі бар. Мектеп директорының міндеттері:
- кадрларды дұрыс таңдау мен орналастыру, мектептің педагогикалық ұжымына басшылық ету, мұғалімдердің кәсіби, ғылыми-теориялық және психологиялық-педагогикалық деңгейін көтеруге жағдай жасау, олардың педагогикалық шығармашылығына жол ашу және оқыту мен тәрбиенің озат педагогикалық тәжірибесін енгізу;

- оқу-тәрбие үдерісінің барысын, оқушылар білімінің сапасы мен жеке тұлға ретінде дамуын, сыныптан тыс жұмыстың мазмұны мен ұйымдастыруын бақылау;
- мониторинг жүргізу арқылы тиімді оқыту варианттарын таңдау, тиімді жолдарды болжай отырып, сапаны арттыру;
- оқушылардың кәсіби бағыты бойынша тәрбиелік жұмысты ұйымдастыру және оларға өмірде өз жолын табуға кеңес беру;
- оқушылардың өзін-өзі басқару ұйымдарына практикалық көмек көрсету және оның іс-әрекетін белсендіру, мектептегі оқу-тәрбие жұмысын жетілдіру бойынша мұғалімдер мен оқушылардың қоғамдық ұйымдарымен іскерлік-ынтымақтастық қатынас жасау;
- Еңбек туралы Заңға, мектептің ішкі тәртіп ережелері мен жарғысына сәйкес мектеп қызметкерлерінің міндеттерін анықтау мен нақтыландыру;
- ата-аналар қоғамдастығы ұйымдарының жұмысын ұйымдастыру және оларға басшылық жасау;
- жергілікті қоғамдық ұйымдар, мекемелер және негізгі кәсіпорындармен іскерлік байланыс орнату;
- мектептегі қажетті санитарлық-гигиеналық тәртіпті орнату, оқушылардың, мұғалімдер мен мектептің қызмет көрсету адамдарының сабақтағы және іс-әрекеттің басқа да түрлері барысында еңбекті қорғау мен қауіпсіздік шараларын сақтау;
- мектептің қазіргі заманғы материалдық-оқу базасын нығайту мен дамыту;
- мектеп қызметкерлерін жұмысқа алу мен жұмыстан шығару;
- мектептің педагогикалық кеңесімен келісіп, мұғалімдерді және мектептің басқа да қызметкерлерін мадақтау мен марапаттауға ұсыну.

- Мектеп директорының оқу жұмысы бойынша орынбасарының қызметі мен міндеттері:
- мектептегі сабақтарды және оқыту үдерісіндегі тәрбиелік жұмысты ұйымдастыру;
- оқу бағдарламаларының орындалуын, сабақтардың барысы мен оқушылар үлгерімінің сапасын бақылау;
- әртүрлі пәндер бойынша сыныптан тыс оқу жұмысын ұйымдастыру (пәндік үйірмелер, қоғамдар, олимпиадалар, жарыстар, т.б.);
- оқушылардың оқу көлемін реттеу;
- мектептің оқу-тәрбие жұмысын талдау және педагогикалық ұжым іс-әрекетінің нәтижелері туралы сандық және жазбаша есеп беру;
- оқу-тәрбие жұмысын жетілдіру мәселелері бойынша білім беру департаментінің нұсқауларын жүзеге асыру мен олардың орындалуын бақылау;
- оқу-тәрбие жұмысының сапасын жоғарылату үшін алдыңғы қатарлы педагогикалық тәжірибені қорыту мен енгізу;
- мұғалімдердің пәндік әдістемелік бірлестіктерінің (секциялары) жұмысына басшылық ету.

- Мектеп директорының тәрбие жұмысы бойынша орынбасарының міндеттері:
- оқушылармен сыныптан тыс тәрбие жұмыстарын ұйымдастыру мен үйлестіру;
- оқушылар тәрбиесін жетілдіру бойынша сынып жетекшілері мен ұзартылған күн топтары тәрбиешілерімен әдістемелік жұмысты жүргізу;
- оқушылар ата-анасымен, мектептен тыс балалар ұйымдарының басшыларымен іскерлік байланыс орнату;
- мектептегі сыныптан тыс тәрбие жұмыстарына ғылыми-әдістемелік бағалау, озат педагогикалық тәжірибені қолдау.

# Қорытынды

- Сонымен бұл пән өзінің алдына: болашақ маман иелерінің кәсіби-педагогикалық мәдениетінің негізін қалыптастыру, қазіргі педагогиканы оқытудың әдістемелері және ерекшеліктерімен таныстырылып, оларды педагогика пәнінің оқытушы ретінде қалыптастыруға тікелей ықпал ету, олардың кәсіби міндеттерді шешуге байланысты шығармашылық дайындығын қалыптастыру мақсатын қояды. Мақсаттың орындалуы төмендегі міндеттердің шешімін тапты:
- - педагогиканы оқытудың әдіснамалық және жалпы теориялық мәселелерімен студенттерді қаруландыру;
- - орта оқу орындарында педагогикалық пәндерді оқытуды ұйымдастыру және басқару үшін қажетті тәжірибелі біліктер мен дағдыларды қалыптастыру;
- - педагогика принциптерін құру оқу пәні ретінде және педагогикалық пәндердің мазмұнын игруді ұйымдастырудың тәсілдерін үйрету;
- - педагогиканы оқу пәні ретінде құрудың және қазіргі оқыту технологияларының ғылыми негіздерімен таныстыру;
- - педагогиканы оқытудың тәжірибесінде теориялық білімдерді жүзеге асыра білу біліктілігін қалыптастыру.